

## ҮЗІЛГЕН ҒҰМЫР


Кузекова Р.С.

«Әділет» тарихи-ағарту қоғам мүшесі

*Ат деген кім?*

*Атқан кім?*

*Қаным қайда төгілген,  
Қабырым қайда көмілген?*



туғанына 125ж. мерейтойлық пошта маркасі

Алаш - ата бабамыздан келе жатқан көне сөз. Қазақта «Алты алаш» деген ұғым бар. Ол қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ халықтары кіретін бірлестік. Расында да, осы халықтардың көшпелі өмірі, салт-дәстүрі, ғұрып - әдеттері бірдей екені бәрімізге мәлім. Елге қамқор болған қадірлі адамдарын қазақ «алаштың азаматтары» дейтін, ал танымаған адамын ешкімді жат көрмейтін бауырмал халқымыз «алаштың азаматының бөтендігі жоқ» - деп қарсы алатын. Қай кезде болмасын, АЛАШ деген сөз ел аузында жақсы ниетпен айтылған.

XX ғасырдың басында қалыптаса бастаған партияны Бөкейханов пен Байтұрсынұнов 1917-ші жылы АЛАШ деп, ал бірінші өзін өзі басқару органдарды алаш баласының елі — «Алаш-орда» деп атаған

еді. Алаш партиясының көсемдері, туған елінің баскөтерерлері, халқының қамын ойлап, жоғын жоқтап, тағдырымен болашағы үшін бастарын тауғада - тасқада ұрып, аласапыран, алмалы-салмалы заманда жұртына бодандықтан, кедейшіліктен, надандықтан шығатын жол нұсқаған еді. Ақыры, 30-шы жылдары қазақ елін жайлаған зорлық-зомбылықтың құрбаны болып кетті. Бұл азаматтар уақытша саясатшысымақтар емес, керісінше, ақылды, терең ойлы, келешекті болжай білген, көпшілігі текті әулеттен шыққан, Еуропа, Ресей үлгісінде жоғары білім алған арыстар еді. Туған халқы үшін саналы түрде азапты өмір кешуге дайын болған ержүрек, қайсарлы қайраткерлер еді. 70 жылға созылған советтің дүлей саясаты аяулы арыстарымыздың аттарын халықтың жадынан өшіріп тастау үшін, шығармаларын оқуға, есімдерін тілге алуға қатал тыйым салған. Онымен қоймай, асылдардың бейнесіне құбұжыққа ұқсатып карикатура жариялап, үрей ұшыратындай қылып көрсеткен.

Бүгінгі күні елімізде мүлдем жаңа жағдай қалыптасып, ақын Қ.Қайырбек айтқандай:

Егемен болдық, ел болдық !

Дария болдық, кең болдық !

Тәуелсіз таңды көріп біз,  
Ұлттармен өзге тең болдық !  
Мың шүкір, Алла Тағала !  
Жинадық етек - жеңді біз.  
Қазағым қожа өзіне,  
Қалмаймыз құл боп енді біз !

Әділеттік орнап, тәуелсіз отанымыздың азаматтары Алаш партиясының арыстарының аты-жөнін жаттап, өмір баяндарымен шығармаларын оқып, саясий және әлеуметтік саладағы еңбектерін зерттеп, түсініп-білуге қол жеткізді. Сонымен қатар, алаш арыстарының қарапайым серіктері, Алаш партиясының қатардағы қайраткерлері «үштіктің» үкімімен атылып, сотталып, «алашордашы» деген айыппен аш-жалаңаш итжеккенде, Колымада, Беломорканал, Углич гидроузелинің «Ұлы құрылысын» қара күшпен қамтып отырған Волгалапта жүдеп-жадап, «авитаминоз» деген диагноздан, нақты айтқанда – аштықтан, қырылғандар, атаусыз, елеусіз қалып кетіп жатыр. Осындай міскіндердің бірі – менің қайын атам – Ғалымжанов Файзұлла. Елі, жері, халқы үшін басын бәйгеге тіккен тұлғалардың бірі еді.

Файзұлла ҒАЛЫМЖАНОВ 1891 жылы Ақмола губерниясы, Кокшетау уезді, Ақсары болысының Бірінші ауылында туылған [4]. Бүгін ол ауыл Астана – Бурабай даңғыл жолының 77 шақырымында орналасқан Қоғам ауылы. Руы – Керей, Ашамайлы, Ақсары, Жеті атасы былай тарайды:

1. Файзұлла,
2. Ғалымжан
3. Дана.
4. Бижан.
5. Елшібай
6. Нұрмағанбет,
7. Жақай,
8. Құттықадам,
9. Құлтаба.

«Бижан қорымы» деген атаумен елге мәлім бабаларының мазары әлі күнге дейін бар екен. 2016 жылы менің балам Ғалымжанов Мұхтар жиені Мағзомов Мағжан екеуі Ресейдің Ярославльда Облыстық ішкі істер басқармасының мұрағатынан атасының қай жерде жерленгені туралы мәлімет [1] алып, Углич қалалық қабырстанынан бөлінген бір бұрышында, болжаммен, түрмеде өлгендерді көметін жер екен, сол жерге елден, балаларының және жұбайының басынан алған топырақты көміп, дұға жасап қайтты. Және осы қабырстаннан бір уыс жерді Бижан қорымына, Ташкенттегі атамыздың жұбайының және балаларының бейтіне көміп, дұға жасады. Алла риза болсын.

Қайын енем Құралай Оспанқызының қолында келін ретінде 4 жыл тұрдым. Ол кісі 1966 жылы жүрек ауыруынан 61 жасында қайтыс болды. Біраз уақыт жұмысқа түспей баламен үйде отырдым. Енем 60-қа келмеген, бірақ өмірдің тауқыметінен қажығандай болып көрінетін. 18 жасында тұрмыс

кұрып, 32 жасында 6 балалы бола тұра жесір қалған оңай емес... 14 жыл жолдасымен тату-тәтті сүрген өмірін, көрген қуаныш-қызықтарын ғажайып ертегідей қылып айтып отыратын маған. Сүйікті жарымен өткен өмірін еске түсіріп әңгімелегенде көздерінен ұшқын жауып, біраз жасарғандай болатұғын.

Аяулы қайын енемнің естеліктері, қайын бикелерім Сара Файзуллаевна Галимжанова, Ләйлә Галиевна Галимжанова, қайным Дәулет Газизович Галимжановтың естерінде қалған әңгімелерді тыңдап, жазып алып, және 1-2 жылдай. Қазақстан республика Президентінің мұрағатында [2], Қазақстан Республикалық Ұлттық мұрағатында [3] атамыз туралы мәліметтер жинаған едім. Осы құжаттар мен мәліметтерді негізге алып білімім, шама-шарқым жеткенше атамның өсіп-өнген ұрпақтарына, туған-туыстарына, жерлестері Кокшетау, Ақмола өңірінің азаматтарына, қала берсе, бүткіл қазақ халқына қарапайым «қатардағы» Алаш қайраткерінің өмір баянын жеткізейін деп осы «шығарманы» жазып отырмын.

Туыстардың сөзіне қарағанда, атамыз дәулетті демеседе, іскер малды-жерлі әулеттен шыққан екен. Төрт бала туып анасы бесінші баладан көз жұмады. Жетім қалған жас балаларға бауры езіліп, туысқаны, атақты Шаймерден Қосшағұлов, Ресей Мемлекеттік Думасының депутаты, Ғалымжан бабамызға өзінің жанашырлығын көрсетіп, ақылын айтады: «Қалаға барып балаларды оқытқаның дұрыс болады. Қолыңда өнерің бар, табыста болады», - деп болжаған. Ғалымжан бабамыз екі үлкен баласымен Троицк қаласына келіп орналасады. Зергерлік өнері бар, ұстаханада жұмыс істеп, табысты болады. Үлкен ұлы татар мектебінде оқып [5], кейін заңгер мамандығын меңгереді. Петропавлда, Алматыда адвокат, судья болып қызмет істейді. 1938 жылы наурыз айында тұтқыдалады, он күннен соң Алматының жанында атылып қаза болады. Файзулла атамыз Троицк шахарында екі жылдық орыс-қырғыз училищеде оқыйды. Ғалымжан бабамыз күрделі ауырудан қайтыс болады. Жапа жалғыз жетім қалған жас өспірім қыйындықтардан мойымай, қайтсемде оқуымды бітіремін деп, аянбай, оқудан бос уақытты қолданып купец Якушевтың шымтезек өндірісіне қара жұмысқа жалданып, кітап-дәптерінің ақшасын шығарып жүрген. 1912 жылы конкурстан өтіп Орынбордағы (Ыбырай Алтынсарин ұйымдастырған) Төртжылдық Жоғарғы Мұғалымдар мектебіне оқуға түседі. Осы мектепті Ахмед Байтұрсынов бітірген. Орынборда оқыған жылдар Ғалымжанов Файзулланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына көп ықпал етеді. Қазақтың отаншыл, талпынған, әр салада оқып, қызмет жасап жүрген жастардың ортасына түседі. Қазақ зиялыларының осы кезде ерекше белсенділігі сезіледі. Тап осы кезде Алаш қозғалысының негізі қаланды десе болады. 1912-ші жылы Ахмед Байтұрсынов мемлекет қайраткері Алихан Бөкейханов пен және ақын Мыржақып Дулатов пен біргелесіп Орынборда «Қазақ» газетін шығаруға кірісті. Мерзімді баспасөздің төрт түрлі функциясын А. Байтұрсынов алғашқы санында атап өтеді - «әуелі газета - халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Екінші газета жұртқа қызмет ететін нәрсе, халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінші, газета —

халыққа білім таратушы. Төртінші, газета – халықтың даушысы». «Қазақ» газеті жоғарыда айтылған функциялардың бәрін орындады десе болады. Газеттің беттерінде күрделі мәселелер көтеріліп, халықты толғандырып жүрген жағдайларды ашық талқыға түсіріп, әр оқырманның пікірін анықтап отырған. Газеттің бетінде Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатовтың аңыздары, өлең-поэмалары, әңгіме-хикаялары, А.Байтұрсыновтың мысалдары, мақалалары басылатын. Әр санында дәл сол күндері халықты абыржытып отырған экономика жағдайын, орыстан шыққан қоныс аударушылармен тең құқықта қатар өмір сүру мәселелерін талқыға түсіріп отырған. Газетті қызықтап оқитын жас буын қазақтар Байтұрсынов, Бөкейханов, Дулатов, Жұмабаевтарды өздеріне пір тұтып, өлеңдерін жаттап, шығармаларының кейпкерлерін өздерінің жолдастарына, туыстарына, қызметтестеріне және танитын чиновниктерге теңдеп, айналадағы өмірге межелеп, ақ-қарасын түсінуге әрекеттенген. Қазақ жастары сол кезде көптеген үйірмелер құрып белсенділік білдіріп жүрген. Әсіресе Нәзір Төреқұловтың «Еркін дала» үйірмесі көпке әйгілі, аты шулы ұйым болған. «Қазақ» газетінің игілік істерінің бірі – Еуропа, Ресей жоғарғы оқу орындарында білім алып жүрген қазақ жастарына ақшалай қаржы бөліп отырған. Ал енді газеттің саясий маңыздығына қарасақ, оны асыра бағалау тіптен мүмкін емес, үйткені халқына «Қазақ» деген ұлтының төл атауын қайтарды.

Газеттің шығаруын ұйымдастыру оңай болмады. Ақшаның тапшылығы, меншік баспа құралдардың жоқтығы, т.т.. Болжаммен, 1913-1914 жылдары Ахмед Байтұрсыновтың назарына атамыз Файзұлла ілігіп қалады – орысша-қазақшаға бірдей, татарша еркін сөйлейтін, ұқыпты, ұстамды жігіт газеттің жеңіл-желпі жұмысын атқарып жүреді. Қайын енемнің айтуынша: «Байтұрсынов, Бөкейхановтай кісілердің бір ауыз сөзін есту бізге ғанимет еді, ал олардың берген тапсырмаларын, бұйрықтарын қуана-қуана, табжылтпай орындап жүрер едім» - деп, атамыз жұбайына ағынан жарылып әңгімелейді екен.

Бірінші Жер жүзілік соғыс кезінде Орынбордың қазақ қауымы саясий белсенділік көрсетіп Қызыл Крест қоғамының қорына қайырымдылық қаражат жинау үшін концерттер, спектакльдер ұйымдастырып, майданға кийіз үйлер, мінетін аттар, жылы кийімдер жіберген. Қаланың ішінде жаралы жаунгерлерге лазареттер ашқан. 1916-шы жылы патшаның қазақ жігіттерін соғыс майданына қара жұмысқа алатын қаулысы шыққанда [6] «Қазақ» газеті халыққа үндеу басып, қаулыға қарсылық корсетпеген дұрыс, соғыс жағыдайында үкімет аяусыз әрекет жасауы мүмкін, халық текке қырылып кетеді. Сонымен қатар әскерге шақырылған қазақтарға әлеуметтік көмек көрсететін жолдарын қарастырады. Бөкейханов «инородческий отдел» құрып, орысша білетін, көзі ашық, отандастарын қорғай алатын – өжет, соңыра оларды аман-есен елге қайтаруға қабылеті жететін – сауатты, 100-ге жуық қазақ жігіттерін өзі бастап, Минскіге, Батыс майданының тылына келеді. Осы қазақ жігіттерінің ішінде, Бөкейхановтың жанында Файзұлла Ғалымжанов бар.

1917 жылдың май айында атамыз Орынборға оралып, қаланың саясий-әлеуметтік жұмысына белсене кірісіп кетеді. Бөкейхановтың ұсынысымен Торғай облыс атқару комитетінің төрағасының орынбасары болып сайланады [7]. Сонымен қатар, жылдың ақырында ресми түрде жабылған «Қазақ» газетін, бағдарын біраз өзгертіп 4-5 ай шығарып тұруға ат салысқан. Редакторы Жолдыбаев, шығарушы редакторы не типография директорының орынбасары - Файзұлла Ғалымжанов.

Бұл нағыз тұрақсыздық өршіп тұрған кез едіғой. Қызылдарды қуып, чехословак корпусының қолдауымен Орынборды казак атаман Дутов басып алады. Торғай облыстық атқару комитет толық қаладан көшеді, ал Файзұлла Ғалымжанов Алихан Бөкейхановпен Орынборда қалып әртүрлі- бақылау, ұйымдастыру жұмыстармен шұғылданады.

Тарихтан бәрімізге мәлім - осындай аласапран заманда бағыт таңдау оңай емес, үйткені теке-тірес сан алуан күштердің арасында болған. Осы кезде орыс - казак - Колчак, ақ - қызыл, қызыл - мұсылмандар, баймен - кедейлер, орыс казак - казак, оның арасында чехословактар. Бірақ, бағыт таңдау қандай қыйын болғанбен, алаш көсемдерінің ұлттық зайырлы мемлекет құру идеясы бұлжымады. Сондықтан, Дутов башқұрт ұлтшылдарымен, казак алашордашыларымен келіс сөз жүргізіп, олардың қолдауын сұрап, автономия беремін деп уәде еткенде Алаш көсемдері олармен қызметтесті. 11 қыркүйекте Алаштың бірінші атты полкінің қолбасшысы капитан Г.Тоқтамышев Дутовтың көмегімен екінші атты полкты құра бастайды. Файзұлла Ғалымжанов жаңа құрылған полктың қазынашысы әрі интенданты болып тағайыдалады. Екінші полк толық құрылмай, 6-7 айдан соң тарқатылады, өйткені қараша айында Колчак тоңкеріс жасап Комучты (Самарада орналасқан «Комитет членов Учредительного собрания») жойдыда, Алаш-орданы таратты. Ф.Ғалымжанов Костанайда Уездік жер басқармасында қызымет істейді. 1919 жылдың көктемінде елге қайтып бара жатқанда Троицк стасасында кездескен генерал Зұлқарнай Дашкин Ғалымжановты тұтқындап гауптвахтаға, кейін-түрмеге қамайды. З.Дашкин Алашорданың атты полкында қолбасшының орынбасары болған, ал атамызды тұтқындаған кезде Дашкин Колчакқа берілген. Үш ай сотсыз, тергеусіз абақтыда ұстайды. 1919 жылдың күзінде түрмеден шығып, елде біраз денсаулығын түзеп, жұмысқа шығады. Кокшетаудың уездік халық ағарту бөлімінің жергілікті ұлттар бөліміне меңгеруші болады.

1919 жылдың ақырғы айларында Евразия аймағында әскери-стратегиялық жағыдай күрт өзгерді. Адмирал Колчактың ұтылуы, қызылдардың үстемдігі, Алаш Орданың тарқатылып, Совет үкіметіне бағынуына алып келді. 1919 жылдың 4 сәуірінде ВЦИК РСФСР Алашордашыларға рақымшылық жариялайды. 1920 жылдың 26 тамызында РСФСР құрамында Қазақ ССРына автономия берілді. Демек, Алаш партиясының негізгі талаптарының ең күрделісі Бүкілресейлік ОАК қаулысымен заңдастырылды.

1920 жылдың жазында Ф.Ғалымжанов Көкшетау уездік атқару комитетінің мүшесі болып сайланады және Бүкілқазақ Советінің съезіне

делегат болып сайланады [8]. 1921ж. Орынборда өткен осы съезде Ғалымжанов Файзұлла Бірінші Казаткомның (Первый КазЦИК) мүшесі болып сайланады. Осындай жоғары лауазымды қызметті өзінің өте жақсы көретін оқытушылық кәсібімен қатар алып жүрді. Орынбордағы орыс-қырғыз педагогикалық курста сабақ береді. Осы курстың негізінде «Казахский институт народного образования» (КИНО) ашылады. Орынбор қазақ автономиясының астанасы еді, сондықтан комиссариаттар осында орналасқан. Наркомпростың Коллегия мүшесі ретінде қазақ мектептерде өте қажет болып тұрған оқулықтар жазған, қазақшаға аударған. Есептер жинағы, физика пәнінің оқулығын 1922 баспадан шыққан [9], институтта қолданатын ағылшын ғалымы Гейкинің [16] геология пәнінің оқулығын қазақ тіліне аударған. Советтер күшейген кезде, Орынбордан қазақтарды ығыстыра бастаған. 1920-1921 жылдары қазақтың баскөтерер азаматтары Ташкентке қарай жол ала бастайды. 1922 жылы атамыз Ташкентке келіп, Среднеазиатский госуниверситеттің (САГУ) ішінде қалыптасқан Казахский институт просвещенияда (Казинпрос) қазақ тілінен сабақ береді. Осы институтта 1928 жылға дейін істейді [10]. Казинпроста 1921 жылдан 1926 жылға дейін сабақ берген қазақтың атақты азаматтарының тізімі: Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Мағжан Жұмабаев, Мұхамеджан Тынышбаев, Елдос Омаров, Темірбек Жүргенов, Сегізбай Айзунов, Әубәкір Диваев, Санжар Асфандияров, Біләл Сулеев, Жүсіпбек Аймауытов. Бұл толық тізім емес - бұл атамызбен және институттың студенттерімен тускен топтық суреттерден алған мәлімет. Бұл тізімді әліде жалғастырса болады. 1923 жылы Файзұлла Ғалымжанов өзінің қоластында Казинпроста оқып жүрген студенттің Назір Қожамқұловтың туысқаны, шаңышқыл руынан, 17 жастағы Құралай Оспанқызына үйленеді. 1924, 1926 жылдары жас жанұйя ұл-қыз кореді.

САГУдың оқу және әкімшілік корпустары қаланың қап ортасында орналасқан «Сквер Революции» саябаққа шығатын Карл Маркс атындағы кошенің екі жағында кірпіштен соғылған бес қабатты екі алып ғимарат еді. Ауласында бірнеше ықшам үйлер болатын. Оларды флигель дейтін. Балалы жанұйя болғанықан Файзұлла Ғалымжановқа флигельден патер беріледі. Құралай анам Сакен Сейфуллиннің Ташкентке Ғазалкент жақтан салт атпен осы флигельге келіп екі-үш күн үйлерінде қонақтағанын айтқан еді.

1934 жылы НарКомПростың шақыруымен Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтына (КазПИ) қазақ тілі кафедрасына доцент дәрежеде жұмысқа орналасады [12]. Алматыға келгенде ата-енем төрт балалы жанұйя. Алматыда тағы екі бала туады - 1935, 1937 жылдары. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатынан тапқан құжаттарға қарағанда Файзұлла Ғалымжанов КазПИде көп дегенде екі жыл тыныш жағдайда жұмыс істеген. 08.06.1937 Москвадан НКВД СССР ГУГБдан мынадай нұсқау №57788 республиканың НКВДысына келеді: "...об работе по антисоветским тюрко-татарским националистическим организациям". Осы сұрапыл нұсқау қазақ зияліларың қудалау және жаппай жазалау шараларың өрістетуге негіз болды. Менің қолымдағы құжаттар – «Протоколы общего

собрания студентов и преподавателей Казпи от 15.09.1937» [13], «Протокол общего партийного собрания Казпединститута от 3 октября 1937 года» [14], «Протокол закрытого собрания членов и кандидатов П/б/К от 25 октября 1937 года» [13]. Осы жиналыстарда атамызға мынадай кінәлар таққан: «активный алаш-ордынец», «разоблаченная алаш-ордынская котрреволюция», «враг народа», «враждебный антисоветский элемент», «заклятый враг народа», «вредитель» (последнее-в связи с участием в переводе книги И.В.Сталина «Вопросы ленинизма»), «Ставленник Жургенева и Бекжанова», (бұрынғы КазПИдын ректоры, білім-ағарту министірі). Ақырында 9 желтоқсанда 1937 жылы түн ортасында Пролетарская 12 мекенжайда тұрып жатқан көп балалы жанұяның отбасын НКВДының жендеттері тұтқындап, аядай үйде тінту жасап, құнды кітаптарды, көптеген қолжазбаларды, суреттерді алып кеткен.

«Ертеңіне, - бұл әңгімені атамның тұңғыш қызы Сара Ғалымжанова апамыздың естелігінен алып отырмын, - мамамды тұтқындауға келгенде, прокурордың берген ордерінде бір шикілік шығып-фамилиядама әлде адрестеме сәйкеспеушілік болып әлде НКВД қызметкерлерін бастап келген басшының адамгершілігіме - қамқорсыз қалған алты балаға, қауқарсыз анаға біраз қарап тұрдыда, құжаттың бір-екі жерін нақтылау керек екенін айтып, кетіп қалды. Ертеңіне олардың қайта соғуын күтіп отырмай, ересек үшеуімізді әкеміздің ағасы Ғалиұлланың үйінде қалдырып, шешем кіші үш баласымен нағашы сіңілісі Жамал Омарованың үйін паналайды. 1-2 күннің ішінде туысқандарымыздың көмегімен дүние-мүлікке, пәтерімізге қарамай, бәрін тастап қаштық. Басына осындай қиыншылық төнгенде әйел адам көмекті төркінінен күтедіғой. Сондықтан біз жолда жүдеп-жадап Ташкентке жеттік. Отан соғысы кезінде мыңдаған ресейліктерге пана болған өзбек жері біздіңде тірі қалуымызға себеп болды. Келген бетте үш жылдай, соғыс басталғанша, тұрмысымыз жаман болмады. Нағашы туыстарымыздың қамқорында болдық. Анам тігін фабрикасына жұмысқа орналасты. 1942 жылы біздің, жетім-жесірлердің, басымызға тағы бір нәубет түсті - соғысқа аттанған ата-анамның тұңғышы Едіге майданға жетер-жетпесте Сталинград шайқасында хабарсыз жоқ болды. Суық хабарды естігенде анам есінен танып, төсек тартып ауырады. 4-5 күн жұмысына шығалмай қалды. Соғыс кезінде жұмыс тәртібі ерекше қатал болған ғой. «Жұмысқа себепсіз келмедің» - деп, шығарып жіберген. Табыссыз қалған соң, екі баланы детдомға тапсырды. Шешемнің сіңілісі Шарапат апамыздың арқасында аман қалдық».

1943 жылы Шарапат апа әпкесімен бюірге тұрып, бір жанұйя болып, соғыстың сұрапыл жылдары балаларды шетінетпей асырап-өсірген. Өмірдің соққысына мойымай, апалы-сіңілілі екі әйел, жоғары білімді бомасада, парасаттылық, данагөйлік арқасында балаларын о дүниелік болған әкесінің жарқын бейнесін үлгі етіп тарбиелеп, оқытып жеткізген.

Ал, 1963 жылы біздің Ташкенттегі үймізге Сұлтанбек Қожановтың жұбайы Күләндәм-апаның келгеніне мен өзім күәмін. Ол кісіні Ташкенттегі Алтынбек Нуралиевтың (Алтынбек Нуралиев – Алтекең қазақтарға

камқорлық жасап жүрген Ташкенттің қазақ зиялыларынан еді. Өзбекстанның мақта өңдеу өнеркәсібін ұйымдастырып, жолға қойған биік лауазымды басшы болған, 1951 жылғы Сталин сыйлығының иегері, мақта өндіру министрі, ВЦНИИХП директоры, Ташкент текстиль институтінің ректоры) қайын енесі алып келген еді. Үйге кірген бетте бір-біріне таңырқағандай қарап, үнсіз құшақтасып, біраз уақыт солқылдап жылап, тіл қаталмай тұрды. Абақтыдан шыққанына 4-5 жыл болып қалсада, зұлматта көрген қиянаттар есінен шықпаған екен. Жезқазғанның сайын даласында қақайған суықта үш жыл қой баққанын әңгімеледі: «Барактардың есік-әйнектерінен қабарғасының саңлауларынан уілдеген жел шыдатпайтын. Сонда барактын жанындағы қотанға барып қойлардың арасында жатып біраз жылнып, мызғып алатынбыз». Откеннің ашшы-тұшшысын еске түсіріп үш замандас, мұндас, парасатты, сұлу әйелдер қасқарайғанша әңгімелесті. Файзулла Ғалымжановтың ұрпақтарының бәрі жоғары білімді, балалы-шағалы. Бүгінгі күні атмаыздың шөберелері ержеткен азаматтар.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1-ИЦ УМВД по Ярославской области Российской Федерации фонд№2 , арх.№154977.

2-Биографическая справка на Галимжанова Файзуллу №06-05/59 от 05.06.2008г. Основание: Тургайский областной съезд Советов. Протоколы. – Алма-Ата-Москва, 1936. – с. 146 // Архив Президента РК. Ф.139, оп. 1, д. 33, л.4.

3-ЦГА РК в г.Алматы, Ф. 1142, оп. 1, д. 19, 74-п..

4-Архивная справка ИАЦ ДВД г.Алматы №19-6-80/2386 от 12.05.2016г. архивное уголовное дело №05526, фонд №20, Биографическая справка на Галимжанова Файзуллу №06-05/59 от 05.06.2008г. Основание: Тургайский областной съезд Советов. Протоколы. – Алма-Ата-Москва, 1936. – с. 146 // Архив Президента РК. Ф.139, оп. 1, д. 33, л.4

5-ИАЦ ДВД г.Алматы, архивное уголовное дело №4672 - Галиулла Галимжанов, 8 марта 1938.

6-Алматы, ЦГМРК КППМ2952 газета «Семиреченские областные ведомости».

7-Алматы, ЦГМ РК - КП3064 Протокол заседания Совета Крестьянских, Киргизских, Солдатских и Рабочих депутатов Тургайской области 10-16.09.1917.

8-ЦГА РК в г.Алматы, фонд 5, опись 2, дело 105, л.66 – протоколы заседаний секций по вопосам о борьбе с голодом и др. Доклады мандатной комиссии рег карточка (в т.ч.адрес в Оренбурге) 2-й всекиргизский съезд советов 1921г.

9-Протокол №2 Объединенного совещания Наркомпроса КазССР от 31 января 1921 года..

10-Ташкент ЦГАРУ, Ф -372. Опись 1. Дело 48. Л. 222..

11-Фото 1ый выпуск в Ср.Азии техников-технологов молочной промышленности 01.01.1933.

12-ЦГА РК в Алматы. Ф. 1142, оп. 1, д. 19, 74-п. - приказ о зачислении на работу в КазПИ от 21.08.1934.

13-Архив Президента РК, фонд 448 опись 1, Дело №6-2 - Первичная партийная организация Казахского госуд.педагогического института им.Абая г.Алма-ата/Протоколы Собраний, доклад об итогах 1934-1936 учебного года доклад об итогах 1936-1939 учебного года по.

14- Архив Президента РК, фонд 448 опись 1, дело 7а - Первичная партийная организация Казахского госуд.педагогического института им. Абая.





Жұлттары жазылмаған алаш азаматтары. Аққағаз Досжанованың университет бітіру тойына қатысушылар (оңнан солға қарай):

1-қатарда: 1-2 белгісіз, 3 – Мариям Ақанбекова, 4-7 белгісіз, 8 – Рабиға Қаратаева, 9 – Сара Қалина, 10 – Захира Досмуханбетова, 11 – Мединна Қасымова, 12 – Мағрифат Қойайдарова, 13 – белгісіз, 14 – Зеуре омарова, 15 – белгісіз, 16 – Анеп (С. Асфандияровтың қарындасы), 17 – Гүлпейм Байғұрина, 18 – Нарзолла Рустемов, 19 – Аралбаев, 20 – белгісіз, 21 – Мырзағазы Есболов.

2-қатарда: 1 – Айша Айзунова, 2 – Зылиха Жұмабаева, 3 – Күлдена Қожанова, 4 – Мединна Қашқынбаева, 5 – Әубақыр Диваев, 6 – Аққағаз Досжанова, 7 – Халел Досмуханбетов, 8 – Софья Қашқынбаева, 9-11 белгісіз, 12 – Айша Құтыбарова (С. Асфандияровтың қарындасы).

3-қатарда: Әлжан Байғұрин, 2-3 белгісіз, 4 – Біләл Сулеев, 5 – Санжар Асфандияров, 6 – Маржан Жұмабаев, 7 – Мұхамметжан Тынышбаев, 8 – Иса Қашқынбаев, 9 – Серікбай Ақаев, 10 – Жүніс Қияқов, 11 – Селіпбай Алұұнов, Керім Жалелов.

4-қатарда: 1 – Әшім Омаров, 2 – Әмір Досжанов, 3 – Біләл Шонанов, 4 – Смаилов, 5 – Ташим Молдабаев, 6 – Мұхтар Әуезов, 7 – Файзолла Ғалымжанов, 8 – Султанбек Қожанов, 9 – Әбдірахман Мұқайтпасов, 10 – Сабыр Қалин, 11 – Хайрулла Қаратаев. Ташкент қаласы, 1922 жыл.



**КирИнПрос(КазИнПрос)гін 1-ші бітірушілері:  
мұғалімдермен студенттер.  
Ташкент.**

**Солдан онға:**

1-ші қатар: Икдафин (инспектор), Сегизбай Айзунов (директор), Д.Адиев (директор орынбасары);

2-ші қатар: С.Баймаханулы (бітіруші), Халел Досмухамедов (мұғалім), Уалиулы (бітіруші);

3-ші қатар: Н.Т.Бенедиктов (мұғалім), М.И.Шамшин (мұғалім), Мағжан Жумабаев (мұғалім), Мусайулы (бітіруші), Б.Даниярулы (бітіруші), Мухамеджан Тынышбаев (мұғалім), А.Байтасов (мұғалім), Е.М.Бен (мұғалім);

4-ші қатар: У.М.Насибов (мұғалім), Файзулла Галимжанов (мұғалім), Ж.Нурбекулы (бітіруші), Алжан Бухарбайулы (бітіруші), Насыр Кожамқулулы (бітіруші), К. Жаленов (мұғалім), Н.П.Архангельский (мұғалім);

5-ші қатар: Н.А.Мерколович (мұғалім), С.Н.Абрамов (мұғалім).

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ ПЕДАГОГИКЕЛІК**  
**УНИВЕРСИТЕТІНІҢ VI БІЛІМ**  
**1936ж. БІЛГІСІ**

**КАЗАХСКОГО**  
**ГОСУДАРСТВЕННОГО**  
**ПЕДАГОГИЧЕСКОГО**  
**УНИВЕРСИТЕТА**  
**1936г.**

The collage features numerous individual portraits of men and women, likely students and faculty members of the Kazakh State Pedagogical University. The portraits are arranged in a grid-like pattern, with some larger portraits interspersed among smaller ones. Each portrait is accompanied by a small name tag. The overall layout is dense and organized, reflecting the institutional nature of the yearbook.